

# ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАНЫҢ МАҒЫНАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



**САРҚЫТ ӘЛІСЖАН**

НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ  
ТҮРКІТАНУ КАФЕДРАСЫНЫҢ  
ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОРЫ, Ф.Ғ.Д.

# Кіріспе



- Жазушы / жазарман
- Жақсы ғылым – жақсы жаза білу
- Жазарман түрлері:
  - «сүңгуірлер»;
  - «мозаикашылдар» (пэчворк);
  - «күрделі жоспарды ұнататындар»;
  - «сәулетшілер».

(Trevor Day. Success in Academic Writing, 1-21 бб.)

# Ғылыми мақала неден тұрады?



- Ұғымдар жүйесінен, терминдерден
- Ғылыми білімді алу жолдарынан, әдістерден
- Ескі білім (дәйексөз) жүйесінен, бағалаудан
- Авторлық ұстанымнан, субъект факторының көрінісінен

# Ғылыми білім



- Ғылыми білім – автор баяндайтын мәтіннің мазмұны
- Ғылыми білім – мамандардың ғылыми-танымдық іс-әрекетінің нәтижесі
- Ғылыми мәтін – бұл ғылыми білімді жеткізудің тілдік қалыптанған формасы

# Эпистемиялық жағдаяттар



- Эпистемиялық (грек. episteme – білім қоры) жағдаяттар – ғылыми мәтіннің мазмұны болып табылатын ғылыми білімнің өзара байланысқан бірліктерінің жиынтығы (М.П.Котюрова)
- Эпистемиялық жағдаяттар – ғылыми білімнің «бүтін жүйе» болып қалыптасуының негізін құрайтын басты экстралингвистикалық фактор (М.П.Котюрова)
- Эпистемиялық жағдаяттар – танымдық қызметтің негізгі аспектілерін санада қорытудың нәтижесі

# Эпистемиялық жағдаяттар



- Эпистемиялық жағдаяттар – танымдық қызметтің өзара байланыстағы онтологиялық, әдіснамалық, аксиологиялық, рефлексивтік компоненттерінің ғылыми мәтіннің мағыналық құрылымы мен стильдік ерекшелігіне ықпал ететін жиынтығы
- Эпистемиялық жағдаяттардың әр компонентінің өзара үйлесімділігі, бірлігі ғылыми мәтінді құрудың және түсінудің кілті

# Онтологиялық компонент



- білімнің пәндік мазмұны
  - ұғымдар мен терминдер
  - терминдік жүйе
  - ұғымдарды түсіндіру, анықтама беру
  - тектік ұғымның түрлік ұғымдарға ажыратылуы
- Т.Т.

# Әдіснамалық компонент



- ғылыми білімді алу жолдарын, әдістері
- ғылыми сипаты жалпыға ортақ кең мағынада қолданылатын лексика: *мәселе, мақсат, міндет, сауал, идея, болжам, ұсыныс, дәлел, негіздеме, бекіту, аксиома, теория, тұжырым, заң, қорытынды, нәтиже, принцип, категория, ұғым, постулат, өлшем, белгі, жүйе, құрылым, қызмет, ерекшелік, үдеріс, классификация* т.т.



# Аксиологиялық компонент



- таным табиғатының бағалауыштығы
- дәйексөз
- автордың ескі білім мен алынатын жаңа білімнің сипатына орай бағалауыштық бағдары
- *рационалды* (логикалық) бағалау және *иррационалды* (эмоционалды) бағалау көріністері
- бағалауыштық мазмұнның тілдік бірліктер арқылы берілуі т.б.

# Рефлексивтік компонент



- танымдық қызметтің жекелік сипаты
- ғылыми мәтіндердегі авторландыру көріністері;
- ғылыми дискурстағы «автор бейнесі»
- ғылыми дискурстағы «оқырман бейнесі»

# Ғылыми мәтінге эпистемиялық жағдаяттар тұрғысынан қарау бізге не береді?

- мәтіннің мәнін (мағыналық құрылымын) тұтастай білім ретінде көруге мүмкіндік береді
- Мәтіннің мағыналық құрылымы – тұтас мәтіннің мазмұндық ұйымдасуы, «тілге дейінгі» немесе «мәтіналды» экстралингвистикалық факторлар қалыптастыратын бүтін мағына. Тұтас мәтінде ғана өзара байланыстағы мәндердің жүйелі ұйымдасуы, белгілі бір тәртіппен құрылған композициялық құрылым көрініс табады

# Ғылыми мәтінге эпистемиялық жағдаяттар тұрғысынан қарау

- эпистемиялық жағдаяттар — ғылыми танымның метамоделі
- ғылыми мәтінді композициялық-мағыналық, тілдік құрылымын айқындайтын әмбебап мәтіндік деңгейдегі бірлік
- эпистемиялық жағдаяттар арқылы ғылыми білім мазмұндық және тілдік тұрғыдан ұйымдасады, мәтіннің мағыналық құрылымын нақты түзеді
- оның әрбір компонентінде ғылыми білімнің қалыптасу үдерісі бейнеленеді, өзара мазмұндық үйлесімділік пен тілдік құрылымдардың сұрыпталуы арқылы ғылыми мәтіннің мағыналық кешендері түзіледі, бұл мағыналық кешендер мәтін тұтастығына қызмет етеді

# Әдебиет



- Trevor Day. *Success in Academic Writing*. ISBN: 978-0-230-36970-2.
- Котюрова М.П. Об экстралингвистических основаниях смысловой структуры научного текста (функционально-стилистический аспект). Красноярск: Изд-во Красноярского ун-а, 1988.
- Баженова Е.А. Научный текст в аспекте политекстуальности. Пермь: ПГУ, 2001.
- Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың Білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000.

# МАҚАЛАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІКТЕРІ: ТАҚЫРЫП



**САРҚЫТ ӘЛІСЖАН**

НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ  
ТҮРКІТАНУ КАФЕДРАСЫНЫҢ  
ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОРЫ, Ф.Ғ.Д.

# Тақырыпты қандай мақсатпен оқытамыз?



- Тақырыптың атқаратын қызметі
- Дұрыс тақырып қоя білу (тақырып қоюдың әдістемесі)
- Тақырып және функционалдық стиль
- Ғылыми мақала тақырыбы
- Тақырыптың жалпы түрлері
- Тақырып құрамындағы сөздердің ақпараттық / ақпараттық емес қызметін білу т.б.

# Тақырып қоюдағы сыңаржақ пікір



Кейде ғалымдар арасында «Кімге қажет болса, өзі тауып оқиды» дейтін сыңаржақ қағида кездесіп жатады. Бұның сыңаржақтығы дәл сол мақаланың оқылмай қалу қаупінен көрінеді. Егер сіз өз мақалыңыздың оқылуын, я болмаса өзге авторлардың оған сілтеме жасауын қаласаңыз, тақырыптың ықшам әрі айқын және мақала мазмұнын аша алатындай болуын қарастырыңыз.

Кез келген ғалым өз мақаласынан дәйексөз алынғанын қалайды, сіздің мақалаңыздың да ғылымилығы дәйексөзге негіз болғандығымен сипатталады, олай болу үшін оқырманнан қол үзбеңіз.



# Тақырыптың атқаратын қызметі



- Мақаланы оқуды ұйымдастырады, оның оқылуын жеңілдетеді
- Мақала мазмұнынан оқырманды алдын ала хабардар етіп, оны қабылдауға дайындайды
- Оқырманды мақаланың әрбір бөлігі аяқталғаннан кейін және жаңа параграф басталарда ойлануға, оқыған мәліметтерді ойша талдауға, сараптауға мүмкіндік береді
- Мәтінді түсінуді тереңдетеді, мәтіннің құрылымы тақырыптар арқылы ашылады, әрбір тақырып пен тақырыпшаның мәтін үшін өзіндік орны болады
- Үлкен жанрларда (монография, диссертация) мәтіннің анықтамалық жақтарын нақтылауға, керек тараулары мен тараушаларын табуға көмектеседі т.б.

# Тақырып және функционалдық стиль



Әр функционалдық стильдің тақырып қоюда өзіндік ерекшелігі болады. Газет мақаласының атауы көзге бірден түсетін көркем және сенсация жариялауға бейім болса, іс қағаздарына тән болып келетін есептің атауы оның мазмұнын нақты бере алатындай болу керек. Ал ғылыми мақала атауы мазмұнды ғана емес, сонымен бірге оқырманды өзіне тара алатындай болу керек.

# Газет тақырыптарына назар аударсақ...



- *Тіл теңсіздігінің түйткілдері («Ана тілі»)*
- *Сайт серпіні («Ана тілі»)*
- *Білікті басшы – елге құт («Ана тілі»)*
- *Балалар денсаулығына – басты басымдық («Егемен Қазақстан»)*
- *Тест түйіні («Егемен Қазақстан»)*
- *Берекелі білім бесігі («Астана ақшамы»)*
- *Менеджменттің мүмкіндігі мол («Астана ақшамы»)*

# Ғылыми мақала тақырыптары



Ғылыми мақала тақырыбы көркемдікті, әсерлілікті соншалықты қажет ете қоймайды. Мысалы: *Наноұнтақтарды қондыру әдісі* я болмаса *Бұрынғы қазақ қоғамындағы билер институты* дегеннен көркемдікті табу қиын. Керісінше көркем атау ғылыми мақала тақырыбы үшін кемшілік болып табылады. Айталық, ғалымның тіл білімі, соның ішінде сөз тіркесі жөніндегі ғылыми мұраларын жазамын деп «Сөз тіркесімен сырласқан» деген атаумен ғылыми журналға мақала жариялау қиын.

# Ғылыми мақала тақырыбына тән емес белгілер



- мақала атауының тым көркемдігі «айғайлап тұруы»
- шамадан тыс «ежіктеп кету»
- шұбалаңқылық (аса ұзақтығы)
- ешқандай ақпарат бермейтін сөздердің болуы т.б.

# Ғылыми мақала тақырыбының ерекшеліктері



- тақырыпты бір сөйлемнің ішіне сыйғызу
- сөз санының 2-ден 15 сөзге дейін болуы
- шұбалаңқылық мақаланы оқымай жатып жалықтырып алуы мүмкін
- қысқа атауға көп мазмұнды сыйдыру шеберлігі
- ешқандай ақпарат бермейтін сөздерді алып тастау
- артық сөздер: *туралы (жөнінде), жайында, ретінде, ...бір әдісі туралы* т.т.

# Сәтті тақырып қандай болу керек?



- түсінікті, ақпараттық сыйымдылығы мол, көрнекі
- тұжырымды (ықшам) (әдеби нормаға сай келетін 15 сөзден артық емес)
- мақаланың мазмұнын нақты бейнелейді (шынайылығы)
- тартымды болуы (мақаланы оқуға деген қызығушылықты тудыра алуы)

# Ғылыми мақала тақырыбының түрлері



- **жалпы сипаттағы атаулар:** *Нанотехнология туралы; Тіл қалай пайда болған? Сиқырлы саз әлемі; Экологияға кіріспе; Тіл және әлем бейнесі*
- **теориялық мәселелерді нақтылайтын атаулар:** *Биосфера – өмірді планеталық ұйымдастырушы*
- **мәселені қоюдағы авторлық өзіндік ұстанымды білдіретін атаулар:** *А. Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасындағы функционалды грамматика көріністері; Сөйлемді коммуникативтік мақсатқа сай топтастырудың жаңа үлгісі*



# Мақалаға атау берудің әдістемесі



- Тақырып оқырманды өзіне баурай алу керек
- ғылыми басылымдардың мақала атауын берудегі дәстүрін ескеру
- арнаулы сөздер мен шаблондарды пайдалану
- сұрау мәніндегі сөйлемдер
- әуестік тудыратын сұрақ
- «Мен» есімдігін қолдану
- бұйрық рай тұлғалы етістіктер
- нақты сандарды қолдану
- тақырып арқылы жаңалықты хабарлау

# Түйін



Сәтсіз атау мақалаға көбінесе зиянын тигізеді, алайда нашар жазылған мақаланы сәтті табылған атауы құтқара алмайтынын тағы да ескерген жөн. Сәтті мақала атауы – сіздің жақсы жазылған мақалаңыздың бір жағы деп түсінген жөн.

# МАҚАЛАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІКТЕРІ: КІРІСПЕ



**САРҚЫТ ӘЛІСЖАН**

НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ  
ТҮРКІТАНУ КАФЕДРАСЫНЫҢ  
ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОРЫ, Ф.Ғ.Д.

# Кіріспе қандай қызмет атқарады?



- оқырманмен қарым-қатынас құралы
- оқырман назарын өзіне тартудың жолдарын негіздеу;
- арнайы бөліктері арқылы мақаланың негізгі бөлімін түсінуді оңайлату;
- мақала авторының кәсібилігін, зерттеушілік деңгейлігін көрсету

# Кіріспе көлемі ?



- Мақала (мәтін) көлеміне байланысты анықтау
- Мәтіннің бүкіл көлемінен 20 %

# Кіріспе құрамы қандай болу керек?



- **Мәселенің қойылысы**

Мақала тақырыбын негіздеу: 1) өзекті мәселе, белгілі бір сала үшін маңызы бар; 2) қызықты, ерекше мәселеге арналған; 3) қолданбалық мәні бар; 4) қазіргі дейін дұрыс зерттелмеген немесе нашар зерттелді; 5) автор қарастырып отырған аспектіден қарастырылмады; 6) өзі тектес басқа да құбылыстармен салыстырылған жоқ; 7) ерекше зерттеу тәсілін қажет етеді және т.б.

- **Мақсат пен міндеттерді жазу.**

# Кіріспе құрамы қандай болу керек?



- Мәселенің қойылысы
- Мақаланың құрылымы бойынша баяндау
- Алғыс
- Тақырыпты зерттеу аясына орай шектеу, ерекше назарға алатын мәселелерді бөліп көрсету
- Тақырыпқа кіріспе
- Дереккөздер мен қолданылатын әдісті сипаттау
- Зерттеушілік болжамды жазу

# Кіріспе түрлері



- классикалық («Атлант»)
- «пазл» (автор өз тақырыбы бойынша «ақтаңдақ» мәселелерге назар аударады)
- «рупор» (автор өз тақырыбын айқайлап көрсетеді)
- «ұшқын» (ерекше жазылған кіріспеге орай айтылады)



# Түйін



Кіріспеге ерекше назар аудару қажет. Мақаланың көлеміне байланысты толыққанды жазылған кіріспе мақаланың құндылығын, оқылуын арттыра түседі. Академиялық жазудың басты ережесі – бағдарлау, ол қатып қалған догмадан тұрмайды. Мәтіннің қолданысы мазмұн арқылы анықталады. Сондықтан мәтіннің құрылымына да шығармашылдықпен назар аудару қажет.